

## «Өлеңгі ауылының ЖОББМ» КММ

Күні: 01.11.2023 ж.

Жалпы мектепшілік ата – аналар жиналысының хаттамасы

№ 1

Қатысқаны – 54 ата-ана, жетекшілер, пән мұғалімдері, мектеп әкімшілігі

### Күн тәртібінде:

1. Баяндама « Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры» - ДТЖЖО Абильдинова Ж.А
2. I тоқсан қорытындысы – ДОІЖО Шокаева А.Т
3. «Ата-аналармен педагогикалық қолдау орталығы», «Даналық мектеп» клубы – мектеп директоры Жаниева Г.Т
4. Тренинг «Отбасы – бақыт мекені»-бастауыш сынып мұғалімі Алиманова Ш.Б
5. «Жағдаяттық тапсырмалар» - педагог – психолог Мусаева М.Ю.
6. Басқадай мәселелер (күзгі демалыс және техника қауіпсіздігі, оқушылардың үйірме, секцияларға қатысуы және т.б)

### Тыңдалды

**1-ші мәселе бойынша** ДТЖЖО Абильдинова Ж.А «Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры» баяндама оқыды.

Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ. Дәл осы өскелең ұрпағымыз ұлттың сапасын құрайды. Сондықтан да қадір – қасиет, ар-намыс, адалдық, патриотизм, жауапкершілік, әдептілік, мейірімділік, сүйіспеншілік, үлкенге ізет, кішіге құрмет сияқты қасиеттерге ие шығармашыл азаматты тәрбиелеу маңызды. Міне, сондықтан Ұлттық құрылтайдың отырысында Мемлекет басшысы білім беру саласына қатысты бірқатар негізгі міндеттерге тоқталған болатын. «Ұлттық тәрбие – ел болашағы» тәрбиесінің тұжырымдамалық негіздері енгізіліп жатыр. Жаңа оқу жылынан бастап 2023-2025 жылдарға арналған Біртұтас тәрбие бағдарламасы іске асырылуда. Бұл құжат жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу сапасын арттыруға бағытталған. (Презентация) Абильдинова Ж.А мектептегі 1-тоқсандағы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша өткізілген тәрбие жұмысы туралы айтты, оқушылар мен мұғалімдерге, іс- шараларға белсенді қатысуын өтінді.

**2-ші мәселе бойыншы** 1 тоқсан қорытындысын ДОІЖО Шокаева А.Т слайд арқылы тасныстырып шықты. Оқушылардың сабаққа дайындығын бақылау, білім сапасын көтеруге қолдау қажет ететінін ескертті. 11 сынып оқушылығының ата-аналарына ҰБТ ережелерімен таныстырды презентация арқылы. 9 сынып ата-аналары мемлекеттік емтихан ережесімен танысты. Ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берілді. 9-11 сынып ата-аналары таныстық деп қол қойды.

**3-ші сұрақ бойыншы** мектеп директоры Жаниева Г.Т мектепте «Ата-аналарды педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру» орталығының жұмысы туралы презентация арқылы түсіндіріп шықты.

**Орталықтың мақсаты:** тұлғаның үйлесімді дамуын қамтамасыз ету үшін орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара әрекеттестік.

**Орталықтың міндеттері:**

- Балалардың саламаттығын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық- педагогикалық және әлеуметтік құзіретін дамытуға арналған жүйелік қолдауды ұйымдастыру;
- Балаларды тәрбиелеу мен дамытуда білім беру ұйымы және отбасы арасындағы өзара әрекеттестікті нығайту;
- Балалардың саламаттығын үдерісте қамтамасыз ету бойынша балалардың тәрбиесі мен дамуына ата-ана жауапкершілігін арттыру.

**ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ПРИНЦИПТЕРІ:**

- Ұлттық мәдениет, құндылықтар мен дәстүрлердің сабақтастығы;
- Үдерістің гуманистік бағыттылығы;
- Ата-анаға дифференциалды және жекелей қолдау көрсету;
- Заманауи ғылым мен тәжірибенің озық үлгілерін пайдалану;
- Әлеуметтік серіктестікке басымдық беру, ресурстық ұйымдар мен біліктілікті эксперттерді тарту;
- «Даналық мектебі» клубының жұмысын ұйымдастыру туралы айтып өтті.

**4-ші сұрақ бойынша** бастауыш сынып мұғалімі Алиманова Ш.Б ұйымдастыруымен "Отбасы - бақыт мекені" тренинг өтті.

Бүгінгі біздің отырысымыз ерекше болады деген үмітпен тренингті бастаймыз. Тренингіміздің ерекшелігі сол, тәрбие процесіндегі қиындықтарды біз бәрі, сіз боп пікірлесе отырып, ойымызды түйіндеп, өмір қолында пайдалану. Отбасы - Адам баласының алтын діңгегі. Өйткені адам ең алғаш рет дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, тәрбие алады. Сондықтан да отбасы - адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын бесігі.



Бала қанша білім алып, мектеп табалдырығын аттағанымен, оның өміріндегі ең қымбатты жан - ол анасы, отбасы. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-анасы, оның өсіп жетілуінің айнасы болып табылады. Баланың өнегелі тәрбие алуы, мектепке дейінгі тәрбиенің құнды негіздері отбасында қалыптасады. Мектеп пен отбасы байланысы өте маңызды роль атқарады. Мектептің міндеті - отбасы ұжымымен тығыз байланыс жасау арқылы әрбір баланың болашақтағы тұлғалық дамуына, оның қасиетінің қалыптасуына көмектесу. Ата-аналар мен бала арасындағы қарым-қатынас жасау, тәрбиелі отбасына тән қарым-қатынас орнату. Тренинг "Жүрек жылу" жаттығудан тұрды. Барлық ата-ана қызығушылықпен қатысты.

"Жүрек жылу" жаттығуына тренингке қатысушы аналар "Менің Сіз сияқты керемет анаға тілейтінім..." - деген ойлы жалғастырып, бір-біріне деген жақсы лебіздерін білдірді.

**5-ші сұрақ бойынша** "Жағдаяттық тапсырмалар" өткізген психолог Мусаева М.Ю

**6-шы сұрақ бойынша** Абильдинова Ж.А мектептегі ыстық тамақтың ұйымдастырылуы туралы айтып шықты. Биыл қыркүйек айынан бастап 1-4 сынып аралығында 66 бала тегін тамақтанады, "Жалпы білім беру қорынан" бөлінген. Аталған тізім "Мемлекеттік қызмет көрсету" арқылы ақпараттандырылып бекітілген, мектептің Қамқоршылық кеңесінде ата-аналардың тапсырған өтініштері мен нормативті құжаттары қаралып, актімен бекітілді.

Асханада тамақтану сапасына бақылау ереже бойынша мониторинг арқылы тексеріледі, акт жасалынып. Күнделікті ыстық тамақтың сапасын тексеру мақсатында тәрбиешілік жүргізіледі. Ата-аналардың комиссиялары да жұмыс атқарады.

Асханадан тамақтанудың сапасына қанағаттанбаушылық болса, мектеп әкімшілігіне немесе комиссия мүшелеріне шағым айту мүмкіндігі бар.

Мектеп директоры Жаниева Г.Т Қазақстан заңына сәйкес мектеп жасындағы балалардың түнгі мезгілде көшеде жүруіне тыйым салынғанын түсіндіріп, ата-аналарға түнгі сағат 22:00-ден кейін балаларды көшеде ата-анасыз жүруге тыйым салынғаны туралы ескертті.

Мектептегі тегін үйірме, спорт секция жұмыстары мен оқушылардың жетістіктері аталып өтілді.

Қаралған мәселелер бойынша ата-аналар кері байланыс берді.

**Қаулы:**

1. Оқу-тәрбие жұмысында мұғалімдермен бірге ата-аналардың да рөлі күшейтілсін.
2. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталағы», «Даналық мектеп» клубы жұмысы қолға алынсын.
3. Жасөспірімдер келеңсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында, түнгі уақытта көшеде заңды өкілісіз жүрмесін. Ата-аналар жаднамалармен танысып, қол қойсын.
4. Мектептің оқу -тәрбие жұмысы қанағаттанарлық деп саналсын.



**Мектеп директоры:**

**Хатшы**

**Жаниева Г.Т**

**Макашева А.А.**